

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

СӨЖ

Рационалды терапия

Орындаған: Жұманов Ш.Ж

Факультет: ЖТД

Тобы: 611-2

Қабылдаған:

Алматы 2018

Фармакотерапия — консервативті емнің негізгі әдісі. Заманауи фармакотерапия медицинаның клиникалық бағытында жылдам дамып, дәрілік заттарды қолданудың ғылыми жүйесін енгізуде.

Фармакотерапияның негізі:

- Клиникалық диагностика;
- Клиникалық фармакология.

Рационалды дегеніміз –фармакотерапияның жоғары нәтижелігі мен қауіпсіздігі.

Рационалды фармакотерапия

- Не ол?
- Кімге?
- Не үшін?
- Қалай?
- Қанша мөлшерде (доза)?
- Қай уақытта?
- Ұзақтығы қанша?
- Қай дәрілік заттармен бірге?



Дәрілік заттарды дұрыс тағайындау (В.В. Городецкий)

Бірінші қадам

- толық диагнозды нақтылау

Екінші қадам

- дәл қазіргі уақытта науқасқа ем жүргізілу керек пе, егер қажет болса, медикаментозды таңдауымыз дұрыс па, сол сұрақты шешу.

Үшінші қадам

- Дәрілік терапияның нақты және максималды мақсаттарын анықтау;
- Ургентті терапияның қажеттілігі мен жағдайын бағалау;
- Терапияның типін анықтау:
 - -Профилактикалық терапия
 - -Орын басушы терапия
- Емнің нақты клиникалық нәтижесін анықтау;
- Патогенетикалық механизмін анықтау;
- Науқас еміне тән емес жанама әсерлерді болдыртпау.

Төртінші қадам-

• ***Дәрілік топтарын таңдау.***

Дәрілік препараттарды рационалды таңдау үшін, мына белгілер болу қажет:

- *-Нәтижелік;*
- *-Қауіпсіздік;*
- *-Науқасқа тиімді болуы;*
- *-Дәрілік заттардың өзара әсерлесуі;*
- *-Дәрілік препарат дәрігерге таңсық болмауы керек, бірнеше жылдар сол дәріні тағайындауда тәжірибесі мол болуы керек.*
- *-Препарат құны.*

Бесінші қадам

- дәрілік заттың формасы, еңгізу түрі және дозасын анықтау;

Алтыншы қадам

- науқасты ақпараттандыру;

Жетінші қадам

- емді бақылау;
- Препаратты нәтижеге қол жеткізгендегі критерийлерін таңдау;
- Қауіпсіз ем белгілерін таңдау;
- Фармакологиялық сынама немесе сынамалы ем;
- Өткізілетін терапияның қауіпсіздігі мен нәтижелігі.

Өмір сапасы



Өмір сапасы — адамның субъективті қабылдауымен физикалық, психикалық, эмоционалды және әлеуметтік іс-қызмет істеуі. Қазіргі заманда «өмір сапасын» денсаулықпен байланыстырады.

Өмір сапасы

Өмір сапасы интегралды көрсеткіштерге байланысты, бірнеше компоненттерден тұрады:

1. **Функционалды жағдай** (жұмысқа қабілеттілік, физикалық жүктемеге толеранттылық, үй жұмыстарын атқару),
2. Аурумен немесе емімен байланысты **симптомдар** (ауыру сезімі, ендігу, дәрілік заттардың жанама әсерлері– құсу, лоқсы, бас ауруы, шаш түсуі, импотенция т.б.),
3. **Психикалық жағдай** (депрессия немесе қозғыштық, аурудың салдарынан немесе дәрілік заттарды қабылдаудан),
4. **Әлеуметтік белсенділік**, сонымен қатар жыныстық өмір, медицина қызметкерлерімен қатынаста және медициналық көмекке қанағаттану.

Өмір сапасын неге өлшеу қажет?

- Денсаулыққа баға беріп, денсаулықтың өмір сапасына әсерін анықтау – созылмалы аурулары бар науқастар үшін маңызды. Себебі, дәрігер науқас жағдайын тек зертханалық, аспаптық зерттеулерден ғана біліп, баға бере алады. Бірақ, науқас өзін жақсы сезінбеуі, еңбекке қабілеттілігінің төмендеуі сынды жағдайларға аса мән бере бермейді. Өмір сапасын өлшеудің бір себебі осы.
- Екінші себебі, бірдей аурулардың клиникалық көріністерінің әртүрлі болып көрінуі. Мысалға алар болсақ, екі науқас ауруханада бірдей қозғалыста, бірдей диагноз қойылған, екеуінде де бел остеохондрозы. Бірақ, бірінші науқас өте белсенді, мінезі жеңіл, көңілшек емес, ол өзі тұрып-жүріп өзіне керек істерін жасай алады. Келесі науқас уайымшыл, эмоцияға тез берілгіш, депрессивті науқас, ол керісінше пассивті төсекте жата береді, өзін аурумын деп қиналып жайсыз сезінеді. Науқастардың ерекшеліктерін ескере отырып өмір сапасына баға беруге болады.

Қазіргі заманның клиникалық тәжірибесінде науқас жағдайын кешенді бағалау үшін «өмір сапасын бағалау» әдісі кеңінен пайдаланылады. Медицина саласында өмір сапасын бағалау мақсатымен жазылған 30 мыңға жуық мақалалар бар. Өмір сапасы зерттеуін жүргізу мақсатымен медицинаның әр саласына тест-сұрақтар жасалған. Тестті дәрігерлер емес, науқастар орындаса құнды ақпараттар береді.

Өмір сапасын анықтаудың дәрігерге берер пайдасы:

- Ем сапасын бақылауға;
- Фармпрепараттар нәтижелігін бағалауға;
- Консервативті және хирургиялық емді науқас өзіндік ерекшелігіне сай таңдауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ардентова Н.Н. Влияние фармацевтической индустрии на профессиональное поведение врачей: новая проблема для медвузов // Материалы научно-практической конференции "Клиническая фармакология - практическому здравоохранению Саратов. -1998. -с. 4-5.